

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ФАКУЛЬТЕТІ



- ▶ ӨНДІРІСТІК ІС-ТӘЖІРБИЕ БОЙЫНША ЕСЕП
- ▶ Студент Құндызбаев Темирлан Талғатұлы
- ▶ Мамандығы «Экология»



- ▶ Тәжірибе дегеніміз – теориялық негізде жинаған білімді тәжірибе жүзінде іске асыру болып табылады. Тәжірибе жинаған мәліметтерді нақты бекіту үшін қолданылатын бірден бір жол. Тәжірибедегі ең басты мақсаттарым- мамандық бойынша оқытылған білімді бекіту, тәжірибе арқылы түйіндеу, экологиялық кодексті оқып білу, департамент жұмысымен толықтай танысу, департаменттің ішкі бөлімдерінің қызметімен танысу және т.б. Облысымызда экологияның қорғалуын қадағалайтын мекеме - экология департаментінің міндеті- облыс аумағында жұмыс жасап жатқан кәсіпорындардың қоршаған ортаға тигізер әсерлерін қарастыру және азайту жолдарын іздеу.



Мекен-жайы: Өскемен қаласы, Потанин көшесі 12

▶ **Департаменттің негізгі міндеттері:**

- ▶ – қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қаіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамның экологиялық орнықты даму деңгейіне қол жеткізу;
- ▶ –экологиялық заңнаманың, қоршаған орта сапасы нормативтерінің, экологиялық талаптарының сақталуына мемлекеттік экологиялық бақылауды қамтамасыз ету;

▶ **Департаменттің негізгі қызметтері:**

- ▶ – Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен белгіленген межелерге сәйкес I санаттағы объектілердің мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізеді;
- ▶ – Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен белгіленген межелерге сәйкес I санаттағы объектілерге экологиялық рұқсаттардың беруін жүргізеді, оларда қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттерді бекітеді;
- ▶ – өз құзыретінің шегінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында рұқсаттардың, шарттардың (келісімшарттардың) беруіне келісімін береді;
- ▶ – өз құзыретінің шегінде табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластаудың мемлекеттік тізілімін жүргізуге қатысады;
- ▶ – өз құзыретінің шегінде су объектілерін кешенді пайдалануының бассейндік сызбаларының келісуіне, бассейндік келісімдерді дайындауына, су объектілерін пайдалану, қалпына келтіру және қорғау бойынша мемлекеттік (өңірлік және бассейндік) бағдарламаларды әзірлеуіне, сондай-ақ су ресурстарымен басқарудың бассейндік қағидатын жүзеге асыруға қатысады;

- ▶ 2017 жылдың 22 мамырынан 9 маусымына дейін ШҚО бойынша экология департаментінде өндірістік іс-тәжірибеден өттім. Іс-тәжірибеден өтуде алғашқы күндері экология департаментінің ұйымымен, ұйымның жетекшілігімен тәжірибе жетекшісімен таныстым. Өндірістік іс-тәжірибе өтудегі негізгі мақсатым: теориялық алған білімімді іс-жүзінде қолданып, тәжірибе жинақтау. Іс-тәжірибе барысында құжаттарды реттеуге, жинауға көмектестім. Теориялық алған білімімді практикамен ұштастырып, тәжірибе жинақтадым. Сондай-ақ бұл бөлімде әр түрлі қаулыларды, қызметтік жазбаларды, номенклатуралық істерді реттеуге көмектестім. Осы жұмыстарды атқару барысында экология мамандығы бойынша алған білімімді іс-тәжірибеде қолдана отырып, болашаққа қажетті тәжірибелер жинақтадым. Жүктелген тапсырмаларды ұқыпты, жауапкершілікпен орындауға тырыстым. Жетекшімен жасайтын бағдарлама туралы кеңес, бізге берілетін тапсырмалар туралы мәлімет алдым.

- ▶ . Істер номенклатурасы бойынша жұмыс жасап, экология саласындағы зерттеулер жайлы ақпарат алдым. Құжаттар тізімдемесін жасап, оларды реттедім. Экологиялық бақылау бөлімінің жұмыс бағыты жайлы ақпараттармен таныстым.
- ▶ 2016-2017 жылдың құжаттарын реттеуге көмектестім. Өз мамандығыма қатысты көптеген ақпараттар жинап, зерттеу үрдісінде келешектегі кәсіби қызметіміз үшін қажетті іс-тәжірибелер жинадық. Университетте алған білімімді саралап, толықтырып, іс-жүзінде қолдандым. Экология департаментінде өткен өндірістік іс-тәжірибе маған көптеген пайдасын тигізді. Сонымен, өндірістік тәжірибеден болашақ экология мамандығыма қажетті тәжірибе жинадым және өткен өндірістік тәжірибені сәтті өтті деп ойлаймын. Алған білімім мен тәжірибемнің арқасында болашақта жақсы маман иесі болатынымызға сенемін.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСЫНА ЖИНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР ТІЗІМІ:

- ▶ Өскемен қаласының топырақ жамылғысының экологиялық жағдайы жайлы негізгі мәлімет
- ▶ Экологиялық анализ қорытындылары
- ▶ Өлкеміздің ең маңызды экологиялық зардап шеккен аймақтары және оған себебкер болған кәсіпорындар жайлы мәлімет
- ▶ ШҚО бойынша экология департаментінің техникалық базасы туралы ақпарат

Назарларыңызға рахмет